

"Жеткізу тізбегіндегі суық тізбекті қызмет көрсету" және "Автомобиль көлігіндегі көлік-экспедициялық қызметтер" кәсіби стандарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 18 қаражелтоқсандағы № 429 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Жеткізу тізбегіндегі суық тізбекті қызмет көрсету" кәсіптік стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Автомобиль көлігіндегі көлік-экспедициялық қызметтер" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Көлік саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде электрондық нысанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

М. Қалиақпаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

Бұйрығына 1-қосымша

Кәсіптік стандарт: "Жеткізу тізбегіндегі суық тізбекті қызмет көрсету"

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Жеткізу тізбегіндегі суық тізбекті қызмет көрсету" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 377 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33401 болып тіркелген) бекітілген Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту қағидаларына сәйкес әзірленді, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, және қызметкерлердің кәсіби қызметті стандарттау саласында жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындауы үшін қажетті біліктілік деңгейлерін анықтауға, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде қолдануға арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) инвентаризация – бұл материалдық құндылықтардың нақты бар-жоғын тексеру және анықталған мөлшерді бухгалтерлік есеп деректерімен салыстыру процесі;

4) интермодальды тасымалдау – бұл жүк бірлігін (бір пакеттегі бірнеше жүкті) әртүрлі көлік түрлері арқылы бір оператордың ұйымдастыруымен және біртұтас көлік құжаты бойынша тасымалдау;

5) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

6) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

7) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

8) көлік логистикасы – тасымалдау процесіне қатысушылардың тасымалдаудың (тасымалдаудың) әрбір кезеңінде жүктердің қозғалысына мониторингті қамтитын көліктің (теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе) әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, жүк жөнелтушіден (өндірушіден) жүк алушыға дейінгі оңтайлы маршрут бойынша жүктерді тасымалдауды (тасымалдауды) жоспарлау және басқару жөніндегі өзара байланысты

іс-қимылдарының жиынтығы;

9) көлік экспедициясы – бұл әртүрлі көлік түрлерімен жүктерді тасымалдауды ұйымдастыруға және мамандандырылған экспедиторлық ұйымдар жүзеге асыратын жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға ілеспе қызметтерді ұсынуға бағытталған қызмет;

10) қорларды басқару – бұл қорлардың оңтайлы көлемін анықтау және оны сақтау, сондай-ақ олардың қаржыландыруын қамтамасыз ету процесі;

11) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

12) логгерлер – тоңазытқыштардағы температураны өлшейтін және тіркейтін құрылғылар;

13) логистикалық орталықтар – бұл жүктің өңделуі мен сақталуымен айналысатын, қажет болған жағдайда олардың кедендік рәсімделуін жүзеге асыратын кәсіпорындар;

14) логистикалық тоңазытқыш терминал – бұл тоңазытқыш қоймалары бар логистикалық терминалдар, олар тез бұзылатын жүктің ағымын елдің басқа аймақтарына ұйымдастыруға қызмет етеді;

15) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

16) рефрижератор – ұл белгілі бір температуралық режимді сақтауды қажет ететін жүктерді тасымалдауға арналған тоңазытқыш жабдықтарымен жабдықталған мамандандырылған көлік құралы;

17) суық тізбекті қызмет көрсету – бұл сақтау және тасымалдау кезінде оңтайлы температураны, ең алдымен иммунобиологиялық типтегі медициналық препараттарды, сондай-ақ тасымалдау мен сақтаудың арнайы температуралық жағдайларын талап ететін, тұтынушыға жеткізу кезінде белгіленген нормативтік жарамдылық мерзімі шегінде жүк сапасының сақталуын қамтамасыз ететін тез тез бұзылатын немесе мұздатылған жүктерді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және практикалық сипаттағы іс-шаралар жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі жөніндегі қызмет түрі;

18) ТБ-өнім – тез бұзылатын өнім, арнайы тасымалдау, сақтау және өткізу шарттарын қажет ететін, белгіленген мерзімде сатылуы тиіс тез бұзылатын өнім;

19) температураға тәуелді жүк – тасымалдау кезінде белгілі бір температуралық режимді қамтамасыз ететін жылжымалы құрамды (изотермиялық фургондар, тоңазытқыштар) қолдануды талап ететін жүктер;

20) тоңазытқыш (суық) тізбек – бұл салқындатылған ортада сақтауды қажет ететін тауарларды сақтау мен тасымалдауға арналған қызметтер кешені;

21) халықаралық тасымалдар – бұл жүктерді кез келген көлік түрімен тасымалдау, және оның халықаралық сипатқа ие болуы (жіберу және жеткізу орны әртүрлі елдерде орналасқан, тасымалдау шетелдің аумағы арқылы жүзеге асырылады);

22) экспедиторлық құжаттар – клиенттің экспедиторға құқықтары мен міндеттерін бергенін растайтын құжаттар, сондай-ақ халықаралық құжаттар, оның ішінде Халықаралық сауда-өнеркәсіп палатасы мойындаған Халықаралық Экспедиторлық қауымдастықтар федерациясы қабылдаған құжаттар;

23) ИСО (ISO, International Organization for Standardization, Халықаралық стандарттау ұйымы) – стандарттар шығарумен айналысатын халықаралық ұйым;

24) Incoterms (International commercial terms) – сөздік форматындағы халықаралық қағидалар, ол жеке сипаттағы сыртқы сауда саласында, ең алдымен франкоға (ағылш. free — "тазарту") - сатушыдан сатып алушыға жауапкершіліктің ауысу орындары;

25) TQM/CMK (Total Quality Management, әмбебап сапа менеджменті) – барлық ұйымдық процестердің сапасын үздіксіз арттыруға бағытталған жалпыұйымдық әдіс;

26) WMS (Warehouse Management System, Қойманы басқару жүйесі) – бұл профильдік кәсіпорынның қойма жұмысының бизнес-процестерін басқаруды автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БА – басшы, маман және басқа да лауазымдардың біліктілік анықтамалығы;

2) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) ҚР ЖҚҚ – Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы қағидалары;

4) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

5) ТЖКБ – техникалық және кәсіби білім;

6) ТМҚ – тауарлық-материалдық құндылықтар;

7) ХАТ – халықаралық автомобиль тасымалдары;

8) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Жеткізу тізбегіндегі суық тізбекті қызмет көрсету".

5. Кәсіптік стандарттың коды: Н128.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

Н Көлік және қоймалау:

52 Жүктерді қоймаға қою және қосалқы көлік қызметі;

52.2 Қосалқы көлік қызметі;

52.21 Құрлықтағы жол көлігінің қосалқы қызметі;

52.21.9 Құрлық көлігінің өзге де қосалқы қызметі.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Жеткізу тізбегіндегі суық тізбекті қызмет көрсету" кәсіби стандарты әртүрлі көлік түрлерімен тасымалданатын, арнайы температуралық режимді қажет ететін тез бұзылатын немесе мұздатылған жүктерді тасымалдау мен сақтау ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді. Бұл талаптар тауардың тұтынушыға жеткізілген кезде оның белгіленген нормативтік сақтау мерзімінде сапасының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

1) Логистика маманы (көлік түрлері бойынша суық тізбек маманы) –

4 СБШ-нің деңгейі;

2) Көлік менеджері (суық тізбекті жеткізуді логистика менеджері) –

5 СБШ-нің деңгейі;

3) Жүргізуші-экспедитор (рефрижератор жүргізушісі) – 2 СБШ-нің деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы "Логистика маманы (көлік түрлері бойынша суық тізбек маманы)":			
Топтың коды:	2432-0		
Қызмет атауының коды:	2432-0-008		
Кәсіптің атауы:	Логистика маманы (көлік түрлері бойынша суық тізбек маманы)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	11-параграф. "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген) Жүктерді тасымалдау экспедиторы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Логистика (салалар бойынша)	Біліктілік:
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Техникалық және кәсіптік білім немесе жалпы орта білім және кемінде 2 жыл практикалық жұмыс өтілі		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2432-0-006 - Логистика маманы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Температураға тәуелді жүктерді әртүрлі көлік түрлерімен тасымалдауды ұйымдастыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жүктерді (температураға тәуелді жүктерді) тасымалдауды ұйымдастыру; 2. Көлікті оңтайлы жүктеуді, сондай-ақ жалдамалы көлікті тартуға шығындарды азайту мақсатында жүкті дұрыс түсіруді мониторингтеу; 3. Жол жүру барысында қажетті температуралық режимнің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1.Жүкке қатысты тауар-көліктік ілеспе құжаттардың , рұқсат беру құжаттарының (ветеринариялық, санитариялық сертификаттар, Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер және т.б.), сондай-ақ жүктерді кедендік рәсімдеуге қажетті өзге де құжаттардың	

1-дағды: Тасымалдауға келіп түскен өтінімдерді өңдеу	олардың талаптарға сәйкестігін (көлік құралдарының нөмірлерінің, пломбалардың, таңбалаудың және тауар-көліктік ілеспе құжаттардағы жүк атауларының сәйкестігін) тексеру; 2. Клиенттердің/кәсіпорынның қажеттіліктерін ескере отырып, жоспарлар мен болжамдар әзірлеу; 3. Жүк жөнелтушінің талаптары мен тілектерін ескере отырып, жүк жеткізу маршруттары мен сызбаларының экономикалық және техникалық негіздемелерін қалыптастыру; 4. Зақымдалған/еріген күйде келген жүкке қатысты сақтандыру рәсімдеріне байланысты құжаттарды ресімдеу; 5. Программалық қамтамасыз етуді пайдалану. Білімдер: 1. Ішкі еңбек тәртібін, жүктерді қабылдау және жіберу тәртібін, негізгі жеткізушілер мен жүк алушылардың мекенжайларын, жүктерді қабылдау және жіберуге арналған құжаттардың нысандарын, оларды ресімдеу мен сүйемелдеуді, еңбек қорғау нормаларын, техника қауіпсіздігін, өндірістік санитарияны және өртке қарсы қорғауды білу; 2. Көлік заңнамасының негіздері; 3. Бұзылғыш азық-түлік өнімдерінің халықаралық тасымалдары және оларды тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілетін куәлікті алу тәртібі.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
2-дағды: Жүкті тасымалдауға қажетті көлік түрі мен типін, сондай-ақ температуралық режимін анықтау	Машықтар: 1. Әртүрлі жүктерді әртүрлі көлік түрлерінің тоңазытқыш қондырғыларын пайдалана отырып тасымалдау үдерісін ұйымдастыру; 2. Температуралық режимдердің (мұздатылған/терең мұздатылған жүктер) сақталуын қамтамасыз ету; 3. Қажетті көлік түрі мен типін таңдау және қабылдау-тапсыру құжаттамасын ресімдеу; 4. Жүктерді сақтау, тиеу және түсіру кезінде температуралық талаптардың сақталуын бақылау. Білімдер: 1. Жүктерді тасымалдау және олардың сақталуын қамтамасыз ету шарттары, соның ішінде температуралық режимдерді (мұздатылған/терең мұздатылған жүктер) сақтау; 2. Еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғау нормалары; 3. Көлік құралдары мен контейнерлердің жүк операциялары кезіндегі шамамен тоқтап тұру нормалары;

1-еңбек функциясы: Жүктерді (температураға тәуелді жүктерді) тасымалдауды ұйымдастыру		4. Халықаралық жүк қатынастары туралы келісімдер және автомобильдік пен әуе жүк тасымалын реттейтін халықаралық конвенциялар мен келісімдер: Халықаралық автомобильдік жүк тасымалы шарты туралы конвенция, Жүктерді МДП кітабын пайдалана отырып халықаралық тасымалдау туралы Кедендік конвенция, Варшава және Монреаль жүйелерінің конвенциялары; 5. Кеден органдарымен өзара іс-қимыл жасаудың қолданыстағы технологиясы; 6. Тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының изотермиялық қасиеттерін және тоңазыту/жылыту жабдықтарының тиімділігін өлшеу мен бақылау әдістері және тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	3-дағды: Тасымалдау шарттарын, мерзімдері мен қағидаларын сақтау бойынша шарттық міндеттемелерді қамтамасыз ету	Машықтар: 1. Жүктерді есепке алу, тапсыру және қабылдау, сондай-ақ сапалық және сандық көрсеткіштерді тауар-көліктік ілеспе құжаттарымен салыстырып тексеру; 2. Жүк тасымалы бойынша төлемдер мен алымдарды есептеу; 3. Көлік ұйымдарының қызметі туралы ақпаратты жинау және талдау, олардың рейтингін жасау.
		Білімдер: 1. Қолданыстағы тарифтер, салықтар, жеңілдіктер мен тасымалға берілетін артықшылықтар жүйесі, жүктерді жеткізу құнын анықтау әдістері, жүкті жеткізудің көлік-технологиялық сызбаларын оңтайландыру әдістері; 2. Көлік заңнамасының негіздері және көлік бойынша халықаралық келісімдер мен конвенциялар; 3. Тасымалдау шарттары мен ережелерін сақтау нормалары; 4. Жүктерді әртүрлі көлік түрлерімен және типтерімен тасымалдау нормалары, жүктердің буып-түйілуінің (тары) негізгі зақымдары мен ақаулары; 5. Жылжымалы құрамның (рефрижераторлық көлік құралдарының) изотермиялық қасиеттерін және тоңазыту/жылыту жабдықтарының тиімділігін өлшеу мен бақылау әдістері мен тәртібі, оларды тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін тасымалдауға пайдалану; 6. Құжаттамамен аналитикалық жұмыс және рейтинг жасау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машықтар:

	4-дағды: Жүкті тасымалдауға тапсырысты қажетті шарттарды, мерзімдерді және тасымалдау қағидаларын көрсете отырып ресімдеу	1. Көлік қызметін көрсету процесінде нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз ету; 2. Әртүрлі көлік түрлерімен және типтерімен жүк тасымалдау талаптарына сәйкес көлік құралдарының санитариялық жағдайын, түрі мен типінің тасымалданатын жүктің ерекшеліктеріне сәйкестігін тексеру; 3. Қабылданатын және берілетін жүктерді ілеспе құжаттамамен есепке алу және салыстыру процесін ұйымдастыру және оған басшылық жасау; 4. Жүкті тасымалдауға қажетті температуралық жағдайлары бар көлік құралын фрахттау процесін ұйымдастыру. Білімдер: 1. Жүктердің жіктелуі және оларды орау, жеке жүктерді таңбалау тәсілдері, ішкі еңбек тәртібі, еңбекті ұйымдастыру негіздері; 2. Тауарға ілеспе, көлік-экспедициялық, төлем, сақтандыру және талап-шағым құжаттарын ресімдеу тәртібі, тауартану негіздері; 3. Автомобиль, теміржол, әуе, су көліктерімен жүк тасымалдау қағидалары (мұздатылған/терең мұздатылған жүктерге қойылатын температуралық талаптарды ескере отырып); 4. Көлік инфрақұрылымы (жолдардың, теңіз және өзен порттары мен айлақтарының, әуежайлардың, көлік тораптарының өткізу және тасымалдау мүмкіндіктері), жүктердің орналасқан жерін анықтау әдістері; 5. Маршруттық жоспарларды, KPI есептеу үшін Excel бағдарламасын жетік меңгеру.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	1-дағды: Жүктің көлік құралдарына	Машықтар: 1. Жүктерді әртүрлі көлік түрлерімен және олардың типтерімен тасымалдау талаптарына сәйкес тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу, орналастыру және орналастыру (жүктеу); 2. Жүктердің қаптамасының (тары) жағдайын көлік құралдарымен тасымалдау талаптарына және ілеспе құжаттамаға сәйкес тексеру; 3. Жүктерді тиеу және түсіру кезінде температуралық режимдердің сақталуын қамтамасыз ету; 4. Жүктерді әртүрлі көлік түрлерімен және олардың типтерімен тасымалдау және қайта тиеу талаптарына және ілеспе құжаттамаға сәйкес тиеу-түсіру жабдықтарының бар-жоғын және жарамдылығын тексеру. Білімдер:

2-еңбек функциясы: Көлікті оңтайлы жүктеуді , сондай-ақ жалдамалы көлікті тартуға шығындарды азайту мақсатында жүкті дұрыс түсіруді мониторингтеу	орналастыру нормаларын бейімдеу	1. Жүктерді тиеу-түсіру жұмыстарының технологиясы мен ұйымдастырылуы, тиеу-түсіру операциялары кезінде көлік құралдары мен контейнерлердің күту нормативтері, тиеу-түсіру жұмыстарының орындалу нормалары, жүктерді орналастыру және орналастыру ережелері, еңбекті ұйымдастыру негіздері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы; 2. Жүктерді көлік құралдарымен тасымалдау, жүктерді тасымалдау және сақтау технологиялары, жүктерді тасымалдауға арналған құрылғылардың жарамдылығын бағалау көрсеткіштері; 3. Жүктердің қаптамасының (тары) қажетті жағдайлары — жүктерді әртүрлі көлік түрлері мен типтерімен тасымалдау талаптарына және тиісті ілеспе құжаттамаға сәйкес.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Жүкті орналастыру нормаларының сақталуын бақылау	Машықтар: 1. Жетіспеушілік туралы құжаттарды жасауға қатысу; 2. Жүктердің бүлінуі туралы құжаттарды жасауға қатысу; 3. Көлік құралдарының әртүрлі түрлері мен түрлеріне жүктерді төсеу нормаларын сақтау. Білімдер: 1. Жүктерді әртүрлі түрдегі және типтегі көлік құралдарымен тасымалдау нормалары, жүктің қаптамасының (тарысының) негізгі бүліну түрлері мен ақаулары; 2. Экспедиция ұйымының жұмысына қатысты қажетті көлемдегі нормативтік құжаттар, жүктің кем шығуы немесе бүлінуі туралы құжаттардың нысандары және оларды толтыру тәртібі; 3. Жүктерді әртүрлі түрдегі және типтегі көлік құралдарына орналастыру нормалары; 4. Жүктерді тиеу-түсіру жұмыстары кезінде көлік құралдары мен контейнерлердің тұрып қалу шамамен нормалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Жүктің белгіленген мерзімде жеткізілуін қамтамасыз ете отырып, температуралық режимдерді сақтай отырып жұмыстарды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау; 2. Бағыныштыларға тапсырма қою дағдылары; 3. Байланыс және коммуникация құралдарының көмегімен жүк иелерін және кәсіпорынды жүктің қозғалысы туралы жедел түрде хабардар ету;

3-еңбек функциясы: Жол жүру барысында қажетті температуралық режимнің сақталуын бақылауды жүзеге асырады	1-дағды: Қозғалыс және тұрақ барысында температуралық режимнің сақталуын бақылау	4. Жүктің қозғалыс мәртебесін қадағалау, клиентті/қойманы және кедендік брокерді хабардар ету; 5. Жүктерді қайта бағыттауды жүзеге асыру, жоғалған жүктерді іздестіру жұмыстарын ұйымдастыру.
		Білімдер: 1. Көлік инфрақұрылымы (жолдардың, теңіз, өзен порттары мен айлақтардың, әуежайлардың, көлік тораптарының өткізу және тасымалдау мүмкіндіктері), жүктердің орналасқан жерін анықтау әдістері; 2. Тасымалдау шарттары мен ережелерін сақтау нормалары; 3. Жүк операциялары кезіндегі көлік құралдары мен контейнерлердің тоқтап қалуының шамамен нормалары; 4. Жүктерді қайта бағыттау ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	2-дағды: Температуралық режим бұзылған жағдайда көлік қызметін жеткізушімен талап-арыздық жұмыстарды жүргізу	Машықтар: 1. Көлік қызметтерін жеткізушілермен шағым жұмыстарын жүргізу; 2. Талаптармен талдамалық жұмыстар жүргізу және жүктердің сақталуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу; 3. Факторлар мен оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтау.
		Білімдер: 1. Көлік заңнамасының және көлік жөніндегі халықаралық келісімдер мен Конвенцияның негіздерін; 2. Коммерциялық актілерді ресімдеу Ережелерін, талаптарды білу; 3. Көліктің әртүрлі түрлері мен түрлерімен жүктерді тасымалдау нормаларын, жүктердің қаптамасының (ыдысының) зақымданулары мен ақауларының негізгі түрлерін; 4. Шарттар мен мерзімдерді сақтай отырып, әртүрлі жүктерді тасымалдау қағидаларын.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Мақсаткерлік Тәртіптілік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	3	Жүктерді тасымалдау экспедиторы

10. Кәсіптің карточкасы "Көлік менеджері (суық тізбекті жеткізуді логистика менеджері)":			
Топтың коды:	2432-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Көлік менеджері (суық тізбекті жеткізуді логистика менеджері)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	99-параграф. "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген). Экспедиция меңгерушісі		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Автокөлікте тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	Біліктілік:
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Логистика (салалар бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жоғары білім (бакалавриат, маман) немесе техникалық және кәсіптік білім (орта буын маманы, қолданбалы бакалавриат) және кемінде 5 жылдық тәжірибелік жұмыс өтілі		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өндірушіден соңғы тұтынушыға дейін температуралық режимді қажет ететін өнімдердің жеткізу тізбегінің үздіксіз және тиімді жұмысын қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Компаниядағы материалдық-техникалық жабдықтауды басқару; 2. Компаниядағы тез бұзылатын (ТБ) өнім қорларын басқару; 3. Негізгі тәуекелдерді басқару; 4. ТБ-өнімді (тез бұзылатын өнімді) тарату; 5. ТБ-өнімнің (тез бұзылатын өнімнің) халықаралық тасымалдауын ұйымдастыру.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Барлық қатысушы құрылымдардың экономикалық тиімділігін талдау; 2. Барлық қатысушы құрылымдардың бюджетін бақылау әдістерін жасау;	

1-еңбек функциясы: Компаниядағы материалдық-техникалық жабдықтауды басқару	1-дағды: Логистикаға арналған бюджетті әзірлеу және оның орындалуын бақылау	3. Логистикаға арналған бюджетті жоспарлау бойынша қажетті жұмыстарды жүргізу; 4. Бюджеттік құжаттаманы қалыптастыру.
		Білімдер: 1. Бюджеттеу негіздері 2. Бюджеттің жұмсалуды бақылау әдістері 3. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер 4. MS Office жұмысын жүргізуге арналған бағдарламалар
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	2-дағды: Сатып алуды жоспарлау, жеткізушілерді үйлестіру және іздеу, жеткізу бойынша келісімшарттар жасау	Машықтар: 1. Сауда ұсыныстарын, оларды келісу және талқылау хаттамаларын, ниеттестік келісімшарттарды, ынтымақтастық жоспарларын дайындау; 2. Келісімшарттық, ұлттық және халықаралық нормалар мен ережелерді қолдану; 3. Келіссөз жүргізу және клиенттердің қажеттіліктерін анықтау; 4. MS Office бағдарламалық пакетін пайдалану.
		Білімдер: 1. Келісімшарттық шарттарды рәсімдеу, түсіндіру және дауластыру ережелері; 2. Логистикалық жұмысты құқықтық қамтамасыз етудің негіздері; 3. Бюджеттік жоспарлау бойынша нормативтік-құқықтық актілер; 4. Жұмыс жүргізуге арналған MS Office бағдарламалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	3-дағды: Логистикалық жоспарлар мен болжамдарды құру	Машықтар: 1. Клиенттердің/кәсіпорынның қажеттіліктерін ескере отырып жоспарлар мен болжамдар құру; 2. Қажетті температура режимдерін ескере отырып тиімді тасымалдау маршруттарын есептеу; 3. Маршруттағы ауытқуларды қадағалау құралдарын (GPS-навигаторлар) пайдалану; 4. TMS, IoT, WMS, GPS сияқты сандық құралдарды қолдану; 5. Барлық тасымалдау жолы бойынша тоңазытқыштағы температураны тіркейтін логгерлерден ақпаратты өңдеу.
		Білімдер: 1. Логистикада болжам жасау және жоспарлау принциптері; 2. Барлық көлік түрлерінде жүктің тасымалдану ережелері;

		3. Кеден заңнамасының және көлік заңнамасы мен техникалық реттеу ережелерінің негіздері; 4. Тез бұзылатын өнімді (ТБ-өнім) тасымалдау кезінде маршруттарды құрастыруға арналған бағдарламалар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
2-еңбек функциясы: Компаниядағы тез бұзылатын (ТБ) өнім қорларын басқару	1-дағды: Қажетті температуралық режимді сақтау есебінен қорларға кеткен шығындарды бағалау	Машықтар: 1. Қорға қажеттілікті есептеу; 2. Қорларды толықтыру кестесін құру және бақылау ; 3. Түгендеу шығындарын азайту. Білімдер: 1. Қорларды жоспарлау және басқару әдістері мен тәртібі; 2. Логистикалық ақпараттық жүйелер және олардың функциялары; 3. Суық тізбек принциптерін, нормативтік талаптарды (GPS, GDP, HACCP), тез бұзылатын тауарлардың ерекшеліктерін және сақтау технологияларын түсіну.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Түгендеу және қорлардың жай-күйін бақылау	Машықтар: 1. Түгендеу жүргізу бойынша рәсімдерді/ нұсқаулықтарды әзірлеу; 2. Түгендеу жүргізу; 3. Түгендеу бойынша тиісті актілерді жүргізуді жүзеге асыру. Білімдер: 1. Түгендеу түрлері; 2. ТМҚ есептеу әдістері; 3. Қойма түрлері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	1-дағды: Жабдықтарды, көлік құралдарын және өнімді сақтандыру	Машықтар: 1. Тасымалдау және сақтау кезінде тәуекел көздерін талдау (еріту/зақымдану/жоғалу); 2. Сақтандыру бойынша сауда ұсыныстарын жинау және талдау; 3. Сақтандыру бойынша сауда ұсыныстарын біріктіру және талдау. Білімдер: 1. Жүктерді көліктік сақтандыру ережелері; 2. Жүк тасымалын сақтандыру түрлері; 3. Сақтандыру заңнамасының негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
3-еңбек функциясы:		Машықтар:

Негізгі тәуекелдерді басқару	2-дағды: Тауарлардың сақталуын ж ә н е тасымалдаушылардың жауапкершілігін қамтамасыз ету шараларын әзірлеу	1. Жүктердің сақталмау себептерін (еріту/жүктің зақымдануы) анықтау үшін сауда актілерін талдау; 2. Жеткізушілермен жұмысын қадағалау; 3. Талаптарды талдау және жүктің сақталуын жақсарту бойынша іс-шаралар әзірлеу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Білімдер: 1. Өнімді тиеу схемалары мен әдістері; 2. Түрлі көлік түрлеріндегі тоңазытқыш қондырғыларына қойылатын талаптар; 3. Көлік заңнамасының негіздері; 4. Сауда актілерін, талаптарды рәсімдеу ережелері.
4-еңбек функциясы: ТБ-өнімді (тез бұзылатын өнімді) тарату	1-дағды: Тарату арналары мен олардың тиімділігін әзірлеу	Машықтар: 1. Өнімді сату нарықтарын талдау; 2. Бәсекелестік деңгейін қадағалау; 3. Тарату арналарының тиімділігін талдау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Білімдер: 1. Өнімді сату арналарының түрлері; 2. Маркетингтің негіздері; 3. Көлік заңнамасының негіздері.
	2-дағды: Өнімді қабылдау, өңдеу және одан әрі жөнелтуді үйлестіру	Машықтар: 1. Өнімді сақтау әдістері мен технологияларын анықтау; 2. Шарттар мен мерзімдердің сақталуын қамтамасыз ету; 3. Қорларға кететін шығындарды азайту.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Білімдер: 1. Өнімді өңдеудің түрлері; 2. Түрлі көлік түрлеріндегі тоңазытқыш қондырғыларына қойылатын талаптар; 3. Көлік заңнамасының негіздері.
	1-дағды: Жүктің қозғалысын бақылау және жүкті қоса берілетін барлық	Машықтар: 1. Жүктің ілеспе құжаттарының, рұқсат беру құжаттарының (ветеринариялық, санитариялық сертификаттар, Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер және т.б.), кедендік ресімдеуге қажетті басқа да құжаттардың сәйкестігін тексеру (көлік құралдарының нөмірлерінің, пломбалардың, таңбалаудың және тауар атауларының ілеспе құжаттармен сәйкестігін тексеру); 2. Зақымдалған немесе еріген жүк келген жағдайларда жүктің сақтандыруына байланысты құжаттарды ресімдеу; 3. Жүктің қозғалыс мәртебесін бақылау, клиентті/койманы және кедендік брокерді хабардар ету;

5-еңбек функциясы: ТБ-өнімнің (тез бұзылатын өнімнің) халықаралық тасымалдауын ұйымдастыру	құжаттардың дұрыс жасалуы/толтырылуын қадағалау	4. Жүктерді қайта бағыттауды жүзеге асыру, жоғалған жүктерді іздестіру жұмыстарын ұйымдастыру.
		Білімдер: 1. Жүк операциялары кезінде көлік құралдары мен контейнерлердің тоқтауына арналған үлгілік нормалар; 2. Жүктің бағыттарын қайта бағыттау ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	2-дағды: Жүктерді жеткізуді ұйымдастыру, қажет болған жағдайда қайта тиеу және аралық қоймаларда сақтау, келісімшартта көрсетілген мерзімде және температуралық режимдерді сақтау арқылы (мұздатылған/терең мұздатылған жүктер)	Машықтар: 1. Жүктерді тасымалдауға қажетті температуралық режимі бар көлік құралын жалға алу процесін ұйымдастыру; 2. Сақтау кезінде температуралық талаптардың сақталуын қадағалау; 3. Жүктің тиеу және түсіру ережелерінің сақталуын қадағалау. Білімдер: 1. Температуралық талаптарды ескере отырып (мұздатылған/терең мұздатылған жүктер) автомобиль, теміржол, әуе және су көліктерімен жүктерді тасымалдау ережелері; 2. Халықаралық жүк тасымалы бойынша келісімдер және автомобиль мен әуе тасымалын реттейтін халықаралық конвенциялар мен келісімдер: Халықаралық жолмен жүк тасымалдау туралы келісім (КДПГ), МДП кітапшасын қолдана отырып халықаралық жүк тасымалының кедендік конвенциясы, Варшава және Монреаль жүйелері конвенциялары; 3. Кеден органдарымен өзара әрекеттесудің қазіргі технологиясы; 4. Тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін тасымалдауға арналған арнайы көліктерді салқындату/жылытудың изотермиялық қасиеттерін және жабдықтардың тиімділігін өлшеу мен бақылау әдістері мен тәртібі; 5. Келіссөздер жүргізу және хат алмасу жүргізуге мүмкіндік беретін шетел тілі (ағылшын) деңгейі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Тәртіптілік Төзімділік пен еңбексүйгіштік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:

СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	4	Көлік түрлері бойынша суық тізбекті жабдықтау маманы	
11. Кәсіптің карточкасы "Жүргізуші-экспедитор (рефрижератор жүргізушісі)":			
Топтың коды:	8322-9		
Қызмет атауының коды:	8322-9-005		
Кәсіптің атауы:	Жүргізуші-экспедитор (рефрижератор жүргізушісі)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	2		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Техникалық және кәсіби білім (еңбек өтілісіз) немесе негізгі орта білім және кемінде 1 жылдық тәжірибесі бар практикалық жұмыс тәжірибесі		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Термиялық режимге тәуелді жүктерді автокөлікпен белгіленген маршрут бойынша, белгіленген мерзімде сапалы жеткізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бекітілген автокөліктің техникалық жарамды күйін қамтамасыз ету; 2. Жүкті тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ету; 3. Жүк тасымалдауды қауіпсіздік шараларын сақтай отырып және қамтамасыз ете отырып орындау (халықаралық тасымалдарды қоса алғанда). Еңбек және демалыс режимдерін сақтау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
	1-дағды: Автокөліктің техникалық жағдайын сақтау және бақылау	Машықтар: 1. Автокөліктің электрондық таблосы арқылы техникалық сипаттамаларын түсіну; 2. Жолға шығар алдында автокөліктің тежеу жүйесін, рульдік басқаруын, жүріс бөлігін, аспасын және басқа да маңызды тораптары мен бөлшектерін бақылау; 3. Техникалық байқау кезінде нұсқаулықтарды сақтау.	
		Білімдер:	

1-еңбек функциясы: Бекітілген автокөліктің техникалық жарамды күйін қамтамасыз ету		1. Автокөліктердің құрылысын, олардың тораптары мен агрегаттарын, автокөлікті басқару қауіпсіздігіне және жұмыс қабілеттілігіне әсерін білу; 2. Көліктің жолға шығар алдындағы бақылауын қамтамасыз ету.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Жанармайдың, техникалық сұйықтықтардың шығынын бақылау және автокөлікке ұсақ жөндеу жұмыстарын орындау	Машықтар: 1. Жанармай мен техникалық сұйықтықтардың шығынын бақылау; 2. Кабинаның, кузовтың, қаңқаның, жүріс бөлігі мен аспаның жарамдылығын тексеру; 3. Қарапайым агрегаттар, тораптар мен бөлшектерге техникалық қызмет көрсету; 4. Қарапайым ақауларды жою үшін бекіту жұмыстарын орындау; 5. Көлік құралдарының электр жабдықтарының қарапайым аспаптары мен агрегаттарына жөндеу және техникалық қызмет көрсету. Білімдер: 1. Орташа күрделіліктегі арнайы құралдар мен қондырғыларды, бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану ережелері, өңделетін материалдардың қасиеттері; 2. Салқындатқыш сұйықтықтардың, майлардың және жанармайдың мақсаты мен қолдану ережелері; 3. Электротехника және электроника, металдар технологиясы бойынша негізгі мәліметтер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	3-дағды: Көлік құралдарының уақтылы қажетті техникалық қызмет көрсетуден өтуі, сақтандыру полистерін алу, көлікті уақтылы дезинфекциядан өткізу	Машықтар: 1. Көлік құралын ақауларын анықтау және ірі бұзылулардың алдын алу мақсатында сервис орталықтарында тұрақты техникалық қызмет көрсетуден және уақтылы жөндеуден өту; 2. Көлікті дезинфекциядан өткізу қызметін алу; 3. Уақтылы техникалық байқаудан өту; 4. Көлік құралына міндетті сақтандыру рәсімдеу. Білімдер: 1. Техникалық қызмет көрсетуден өту тәртібі мен ережелері; 2. Көлік құралына сақтандыру полистерін рәсімдеу ережелері; 3. Көлік құралын дезинфекциядан өткізу тәртібі (азық-түлік тасымалдаған жағдайда айына бір рет); 4. Техникалық байқаудан өту ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машықтар:

2-еңбек функциясы: Жүкті тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ету	1-дағды: Жүк автокөлікте орналастырылуы мен тиеу тәртібін бақылау	1. Жүкті төсеуді, оны бекітуді және ось бойынша орналастыруды орналастыру; 2. Жүктің төселуін, оның бекітілуін және ось бойынша орналасуын бақылау; 3. Тоңазытқыштың берілген температурасын бақылау.
		Білімдер: 1. Жүктің автокөлікте тиеу, орналастыру және бекіту ережелері; 2. Жүктің жолдағы бүтіндігін және қауіпсіздігін бақылау ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Салқындатқыш жабдықты бақылау және қызмет көрсету, мөрдiң бүтіндігін тексеру	Машықтар: 1. Көлік құралының электрондық таблосы бойынша автокөліктің техникалық сипаттамаларын түсіну; 2. Рефрижераторлық – тоңазытқыш камералармен жұмыс істей білу; 3. Жол жағдайында белгіленген жұмыс технологиясының сақталуын қамтамасыз ету; 4. Жүк тасымалдау барысында оның бүтіндігін және сақталуын бақылау; 5. Тоңазытқыш жабдығы істен шыққан жағдайда алғашқы қажетті шараларды қабылдай білу.
		Білімдер: 1. Рефрижератордың құрылымы және температура режимінің өзгеруіне әсер ететін факторлар; 2. Еңбек қауіпсіздігі техникасы; 3. Сақталуын қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді қою және шешу тәсілдері, қағидаттары мен әдістері туралы; 4. Рефрижераторлық камераларды басқарудың ерекшеліктері; 5. Тоңазытқыш жабдығы істен шыққан жағдайда әрекет ету тәртібі мен реттілігі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	3-дағды: Жүк салғыштан тауарларды тиеу және түсіру кезінде қатысу, жүк орындарының санын және қаптаманың көрінетін зақымдануларын бақылау	Машықтар: 1. Тасымалдау қызметтерін тапсырыс берушінің өкілдерімен өзара әрекеттесу; 2. Қабылдау-тарату құжаттарын рәсімдеу; 3. Қабылдау немесе түсіру кезінде тауарды накладная бойынша қайта есептеу.
		Білімдер: 1. Қабылдау-тарату құжаттарын рәсімдеуге арналған ережелер мен нұсқаулықтар; 2. Орындаған жұмыстар актісін рәсімдеуге арналған ережелер мен нұсқаулықтар;

		3. Тасымалдау қызметтерін көрсету туралы келісімді рәсімдеуге арналған ережелер мен нұсқаулықтар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
3-еңбек функциясы: Жүк тасымалдауды қауіпсіздік шараларын сақтай отырып және қамтамасыз ете отырып орындау (халықаралық тасымалдарды қоса алғанда). Еңбек және демалыс режимдерін сақтау	1-дағды: Барлық қауіпсіздік шараларын сақтау және жылдық, рейс алдындағы және рейс соңындағы медициналық тексеруден өту	Машықтар: 1. Қажетті біліктілік деңгейін сақтау; 2. Денсаулық жағдайын қадағалау; 3. Жолда жүріс ережелері мен мінез-құлық этикасын , жұмыс пен демалыс режимін сақтау; 4. Жыл сайынғы, рейс алдындағы және рейс соңындағы медициналық тексеруден өту, медициналық кітапшаға белгі қою; 5. Жол қозғалысы ережелерін сақтау. Білімдер: 1. Бірінші медициналық көмек көрсету ережелері; 2. Еңбек пен демалыс ұйымдастыру ережелері; 3. ҚР Жол қозғалысы ережелері және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік түрлері; 4. Еңбек қауіпсіздігі, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Жолда автокөлікті басқару (жолдың жабындысы мен ауа райына байланысты жылдамдықты, жұмыс және демалыс режимдерін таңдау), жол қозғалысы ережелерін сақтау	Машықтар: 1. Көру мүмкіндігі шектеулі және халқы аз жерлерде навигациялық спутниктік жүйенің картасы, компасы және аспаптары бойынша қозғалысты жоспарлау; 2. Тез бұзылатын жүктерді уақтылы жеткізу үшін жылдамдық режимін сақтау; 3. Шектеулі көріну жағдайында навигациялық аспаптарды пайдалана отырып, нақты уақыттағы маршрутты есептеу және түзету. Білімдер: 1. Жүргізушінің қалыпты және қалыптан тыс (қатты сындарлы) қозғалыс режимдерінде әрекеттері; 2. Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелері және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік түрлері; 3. Еңбек қауіпсіздігі, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	3-дағды:	Машықтар: 1. Тасымалдау процесін реттейтін көліктік-ілеспе және көліктік-экспедициялық құжаттарды ресімдеу; 2. Тұрақты тексерулермен және диагностикамен автомобильдердің техникалық жағдайын бақылау; 3. Жол парақтарындағы жүгіріс, отын шығыны және техникалық жай-күйі туралы белгілерді тексеру;

	Жол парақтарын жүргізу, барлық белгілерді бақылау	Білімдер: 1. Қаржылық, тауарға ілеспе, көліктік-экспедиторлық, көліктік, кедендік, сақтандыру және шағым құжаттарын рәсімдеу тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бейімділік Жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Тәртіптілік Дәлдік Сыпайылық Мейірімділік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	2	Жүк көлігінің жүргізушісі

4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

12. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі.

Орындаушы:

С.Қ. Өзбеков, +7 (717) 298 33 02, transport@transport.gov.kz.

13. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі.

Жоба жетекшісі:

С.Қ.Өзбеков.

E-mail: transport@transport.gov.kz.

Телефон нөмірі: +7 (717) 298 33 02.

14. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2025 жылғы

15. 3, 31 шілде.

16. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 2025 жылғы

17. 12 қараша.

18. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

19. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 2-нұсқа, 2025 жыл.

